



Зеренді аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2020 жылғы 10 тамыздағы № 59-367 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 11 тамызда № 7983 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабына сәйкес, Зеренді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Зеренді аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Зеренді ауданы мәслихатының хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

Зеренді ауданының әкімдігі

Н.Хасенов

К.Аугалиев

Зеренді аудандық мәслихатының
2020 жылғы 10 тамыздағы
№ 59-367 шешіміне
қосымша

Зеренді аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Зеренді аудандық мәслихатының "Зеренді ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" 2016 жылғы 10 маусымдағы № 4-27 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5442 тіркелген, 2016 жылғы 15 шілдеде "Зерделі-Зеренді", "Зерен" аудандық газеттерінде жарияланған) шешімі.

2. Зеренді аудандық мәслихатының "Зеренді аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 10 маусымдағы № 4-27 "Зеренді ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2016 жылғы 24 тамыздағы № 6-44 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5540 тіркелген, 2016 жылғы 29 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімі.

3. Зеренді аудандық мәслихатының "Зеренді аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 10 маусымдағы № 4-27 "Зеренді ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу

туралы" 2019 жылғы 15 мамырдағы № 37-266 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7206 тіркелген, 2019 жылғы 28 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК